

Г.К. Жапекова^{1*}, М.С. Джангужиев², Г.И. Кушенова¹¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қ., 090009, Қазақстан Республикасы*e-mail: dsi-1949@mail.ru

СЕКУЛЯРИЗАЦИЯ ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Андатпа

Мақалада діннің қоғамдағы рөліндегі өзгерістерді көрсететін XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы секуляризация процесімен байланысты әлеуметтік-мәдени және саяси қайта құрулар қарастырылады. Секуляризацияның тарихи тамырларына, оның көріністері мен қоғамға әсеріне басты назар аударылады. Авторлар революциялық идеялар мен секуляризацияның дәстүрлі құндылықтар жүйесіне әсерін ерекше атап көрсетеді. Атап айтқанда, Ресей империясының саясатына байланысты Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстардың қалыптасуының тарихи алғышарттары қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы секуляризация процестеріне талдау жасау, сонымен қатар олардың қазақ халқы өмірінің әлеуметтік, мәдени және саяси аспектілеріне әсерін анықтау. Зерттелген құжаттар мен материалдар ұлттық бірегейліктің қалыптасу динамикасын және оның тарихи жағдайын, оның ішінде Алаш қозғалысының пайда болуына ықпал еткен сыртқы саяси оқиғалар мен қоғамның отаршылдық саясатқа деген ішкі реакциясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Секуляризациямен байланысты ең маңызды мәдени өзгерістер Ағарту кезеңі идеяларының дамуы нәтижесінде болды. XVII-XVIII ғасырларды қамтыған бұл кезең діннің қоғамдағы рөлі туралы жаңа көзқарастардың қалыптасуына, сонымен бірге рационализмге, еркін ойлауға және шіркеуді зайырлы институттардан бөліп қарауға байланысты философиялық концепциялардың дамуына негізгі болды. Секуляризацияның қазіргі интерпретациялары мәдени және тарихи контексттердің ерекшеліктерін ескере отырып, Ағарту кезеңінде айтылған идеяларды дамытуды жалғастыруда.

Негізгі сөздер: Қазақстан, секуляризация, ислам, дін, қоғамдық-саяси қозғалыстар, пантүркизм, панисламизм, жәдитшілік.

Кіріспе

«Секуляризация» терминінің түп-тамыры еуропалық, ең алғаш XVII ғасырдың ортасында қолданыла бастады. Бұл термин алғаш рет 1646 жылы француз елшісі Лонгвиль Вестфальдік бейбітшілік келісіміне байланысты келіссөздер жүргізу кезінде қолданғаннан бастап пайда болды. Бұл келісімшарт отыз жылдық соғысты тоқтатты, сондықтан секуляризация шіркеу жерлерін зайырлы биліктің пайдасына тартып алу үдерісінің дипломатиялық белгісі болды [1].

Секуляризация Еуропада XVII ғасырда шіркеу меншігі мен діни құрылымдардың ықпалы жаппай қайта бөлуге ұшыраған кезде ерекше мәнге ие болды. Осындай процестердің нәтижесінде бұл термин шіркеу мен оның ресурстарының ықпалын шектеуге бағытталған дінге қарсы әрекеттермен байланысты ұғыныла бастады. Бұл секулярлық идеялардың таралуына және діни қызметкерлердің мемлекеттік және қоғамдық процестерге ықпалын азайтуға өз әсерін тигізді [2]. Секуляризацияның тарихи тамыры діни өмірдегі өзгерістермен ғана емес, сонымен бірге экономикалық және саяси билікті зайырлы құрылымдардың пайдасына қайта бөлумен де байланысты. Вольтер, Дидро, Руссо, Локк сияқты ойшылдар ұсынған ағартушылық идеялары Батыс Еуропаның мәдени және әлеуметтік дамуына орасан зор әсер етті. Ағартушылардың негізгі мақсатының бірі қоғамдық сананы шіркеулік догмадан босату және зайырлы, рационалды қоғам құру болатын [3].

Секуляризацияның ең танымал заманауи теоретиктерінің бірі Хосе Казанова бұл процестің үш негізгі аспектісін ұсынады:

- Діни институттар мен нормалардың ықпалынан әртүрлі салалардың саралануы. Бұл секуляризация процесінде қоғам өмірінің саясат, ғылым, білім, мәдениет сияқты түрлі салаларының діни көзқарастар мен бақылаудан тәуелсіз жұмыс істей бастағанын білдіреді. Бұл процесс, әсіресе Батыс елдерінде байқалып, діннің бұдан былай қоғамдық институттар мен адамдардың күнделікті өміріне монополиялық ықпалының болмауына әкеледі.

- Халық арасында діндарлық деңгейінің төмендеуі. Бұл діни рәсімдерді тұрақты ұстанатындар санының азаюынан және дәстүрлі діни ілімдерге сенімнің әлсіреуінен көрінеді. Бұл аспект, әсіресе, урбанизация және экономикалық даму деңгейі жоғары елдерде байқалады, онда діни сенімдер біртіндеп зайырлы құндылықтар мен ғылыми дүниетанымға ауыса бастайды.

- Діннің дүбаралануы (маргиналдану) және оның жекеге ығыстырылуы. Секуляризация үдерісінде дін барған сайын әр адамның жеке мәселесіне айналып, қоғамдық және саяси өмірге ықпалын жоғалтады. Оның себебі, діни нанымдар мен әдет-ғұрыптар әлеуметтік нормадан гөрі жеке таңдау мәселесі ретінде қабылданады. Нәтижесінде, дін кейінгі орынға ығыстырылып, топтасқан ұжымдық тіршілікті реттейтін әлеуметтік институт емес, жеке адамдардың жеке өмірінің бір бөлшегіне айналады [2. - 89].

Зайырлылықтың осы үш аспектісі діннің қоғамдағы рөлінің қалай өзгеріп жатқанын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

XX ғасырдың басы Қазақстан тарихындағы әлеуметтік, саяси және мәдени өзгерістер қазақ қоғамының дамуына елеулі әсер еткен маңызды кезең болды. Дәстүрлі діни құрылымдарға да, қазақ халқының өзіндік санасына да әсер еткен революциялық идеялардың таралуымен тығыз байланысты маңызды үдерістердің бірі секуляризация болды. Осы уақытқа дейін ислам қазақ қоғамында маңызды рөл атқарып, өмірдің әлеуметтік, мәдени және саяси аспектілеріне әсер етті. Алайда Ресей империясының ықпалының күшеюімен дәстүрлі діни институттарға әсер еткен еуропалық идеялардың біртіндеп жаңаруы және таралуы басталды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу әртүрлі материалдарға, соның ішінде ғылыми еңбектерге, мұрағат құжаттарына және Қазақстандағы исламшыл, түркі және алаш қозғалыстарына арналған мақалаларға негізделген. Американдық тарихшылар Пол Верт [4] пен Роберт Круздың [5] еңбектері Ресей империясының діни саясатын, әсіресе оның көпұлтты және көпконфессиялы аймақтарды басқару контексіндегі мазмұнын айтарлықтай толықтырды.

Ислам дін өкілдерінің ықпалын талдайтын Е.Фёдоровтың еңбегіне [6], ұлттық қозғалыстар тарихын кезеңге бөлуді сипаттайтын Х.Т. Тұрсыновтың [7] еңбегіне негізделген.

Аймақтың рухани және діни байланыстарының контексін көрсететін және Осман империясының Орталық Азияға әсерін талдаған «История Центральной Азии в османских документах» (Шаин Мустафаев и Мустафа Серин, 2011) еңбегі үлкен қызығушылық тудырады.

Самарқанд әскери губернаторы Н.С. Лыкошиннің (Восстание, 1952) және Ферғана әскери губернаторы Н.А. Ивановтың (Восстание, 1952) баяндамалары сияқты құжаттар негізгі дереккөздері болды, оларда қоғамдық-саяси қақтығыстар мен көтерілістер туралы тарихи деректер бар, бұл қоғамдық-саяси қозғалыстардың қалыптасуының тарихи алғышарттарын түсіну үшін маңызды болып табылады [8].

Негізгі зерттеу әдістері: дін саласындағы өзгерістерге қатысты құжаттар мен материалдарды зерттеудегі тарихи-аналитикалық әдіс. Сонымен қатар революциялық идеялар мен жәдитшілдіктің қазақ қоғамына ықпалын, әртүрлі қоғамдық-саяси қозғалыстардың өзара әрекетін және олардың идеологиялық негіздерін бағалау үшін

салыстырмалы талдау жасау. Алғашқысы жергілікті халықтың зайырлылық көзқарасын және ислам дінбасыларының әлеуметтік өзгерістерге ықпалын анықтауға арналған әлеуметтік-мәдени көзқарастарды қарастырса, ал тарихи-аналитикалық әдіс тарихи процестерді, қоғамдық-саяси қозғалыстардың қалыптасу алғышарттарын және исламдық дәстүрлердің қазақ қоғамына әсерін зерттеу үшін қолданылады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Американдық тарихшылар Пол Верт пен Роберт Круздың еңбектері Ресей империясының діни саясатын, әсіресе оның көпұлтты және көпконфессиялы аймақтарды басқару контексіндегі мазмұнын айтарлықтай толықтырды. Атап айтқанда, П.Верд 20 ғасыр басталғанға дейін Ресейде халықтарды топтастыруда діннің негізгі рөл атқарғанына сендіре отырып, «ұлттық» идеясын автократиялық саясатты сипаттау үшін аналитикалық категория ретінде пайдалануды сыни тұрғыдан талдайды. Ол империяны басқарудың негізгі факторы дәл осы діни институттар мен конфессиялық ерекшеліктер болғанын атап көрсетеді, дегенмен, ұлтшылдықтың идея ретіндегі ықпалы реформалық кезеңде, әсіресе XX ғасырдың басында артты [4. - 7].

Роберт Круздың пайымдауынша, Ресей империясы тек православиелік емес, шын мәнінде конфессиялық империя болған. Оның пікірінше, басқару саласында мемлекет діни институттардың кең жүйесін пайдаланған. Мәселен, діни мекемелердің құзыретіне білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, құқықтық мәселелер мен сот даулары, тіпті, некеге тұру және сенушілердің этикалық нормаларды сақтауы кірген [5. - 83]. Ал Роберт Круздың пікірінше, Түркістанның басты билігі, оның ішінде, генерал-губернатор Константин фон Кауфман исламды аса қауіпті деп санамағанын атап өтеді. Кауфман ислам уақыт өте өз маңызын жоғалтып, өзі «жойылып кететініне» сенімді болып, оны елемей стратегиясын таңдады, тіпті қажетсіз шиеленісті болдырмау үшін өзіне сеніп тапсырылған аумақта миссионерлердің қызметіне де тосқауылдар қойып отырды.

Алайда, мұндай көзқарасқа қарамастан, бәрібір Ресей билігі Түркістандағы халқы тығыз және аз қоныстанған аумақтарда басқару және тәртіп орнату үшін исламдық діни институттарды пайдаланды. Бұл әдіс Еділ бойымен салыстырғанда бәсең болды, ол жерде мұсылман халқын қатаң бақылау үшін ресми ислам иерархиясы құрылған еді. Түркістанда орталықтандырылған діни құрылым болмағанмен, жергілікті шенеуніктер мен полиция қауымдастықтар өміріне белсене араласып, қақтығыстарды, соның ішінде діни дауларды шешуге тырысып, империялық биліктің күшеюіне ықпал етті.

Сондай-ақ Круз Түркістанда жүргізілген толеранттылық саясатының империяға қаржылық жағынан тиімді болғанын атап өтеді. Зайырлы заңдарға негізделген толыққанды сот жүйесін құру қажеттілігінің болмауына байланысты Қаржы министрлігінің қаржыны үнемдеуге мүмкіндігі болды. Мемлекет исламдық соттарды белсенді түрде қолданды, көптеген мұсылмандар азаматтық құқығы үшін күрес басталған 1905 жылғы революциялық оқиғалардан кейін де шариятты сақтауды талап етті. Бұл Ресей империясының аймақтағы «Өркениеттік миссиясы» идеясының проблемалық сипатын атап көрсетті, өйткені зайырлы құқықтық нормалардың енгізілуі мұсылман халқы тарапынан қарсылыққа ұшырады.

1860-1870 жылдары Ресей империясының Орта Азияны жаулап алуы «өркениеттік миссия» деп аталатын ұранмен өтті, оның аясында Ресей өзін «артта қалған» халықтар үшін прогресс пен мәдениеттің жаршысы ретінде көрсетті. Ал О.В.Большакова өз еңбегінде: «XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында шіркеу қайраткерлері мен бюрократия арасында утопиялық көзқарас болды, оған сәйкес діни саясаттың түпкі мақсаты көпұлтты империяның барлық азаматтарын жаппай православие дініне бағындыру еді», - деп көрсетеді [9].

Орталық Азиядағы Ресей империясы саясатының маңызды аспектісі оның жергілікті мұсылман қозғалыстары мен топтарына көзқарасы болды. Мысалы, мемлекет империя қауіп деп санаған сопылық топқа қарсы шыққан жәдиттер – мұсылман реформаторларын

өзінің одақтастары ретінде көрді. Әсіресе Шешенстан мен Ферғана алқабында белсенді болған сопылық топта. Олар империялық бақылауға қарсы тұруға ықпал етуі мүмкін болғандықтан биліктің алаңдаушылығын туғызды. Самарқанд әскери губернаторы Н.С.Лыкошиннің пікірінше, Орталық Азияда түрік үкіметінің қажылары мен тыңшыларының пайда болуы, отаршылдыққа қарсы ахуалдың таралуына ықпал етті. Бұл тыңшылар орыс билігіне қарсы белсенді үгіт жүргізіп, наразылық идеясын қалыптастырды. Ол қажылардың діни уағыз айтып қана қоймай, өздерімен бірге діни нанымдарды ғана емес, сонымен бірге мұсылмандар бірлігінің маңыздылығын баса көрсете отырып, панисламизм мұраттарын да әкелгенін атап көрсетеді.

Сонымен қатар, Лыкошин отарлаудағы проблемаларды орыс билігінің жергілікті мәдениет пен дінді түсінбеуімен байланыстырады, бұл наразылық пен қарсылыққа әкелді [8.- 26-28]. Ферғана әскери губернаторы, 1901 жылдан бастап Түркістан генерал-губернаторы қызметін атқарған Н. А. Иванов өз баяндамасында жергілікті орыс билігінің халықпен қарым-қатынасты нашарлатып, наразылықтың өсуіне ықпал еткен өктемдігі мен озбырлығына назар аударады. Ол сондай-ақ озбырлықпен бір мезгілде «кәпірлерге» және орыстар тарапынан қолдау тапқандарға қарсы белсенді мұсылмандық үгіт-насихат жүргізілгенін, бұл орыс билігінің өкілеттігіне нұқсан келтіретінін атап өтті. Иванов Меккеге қажылыққа бару мүмкіндігін жеңілдету жергілікті халық арасында діни идеяларды таратуға мүмкіндік бергенін, содан кейін ол отаршылдыққа қарсы насихат үшін қолданылғанын атап өтті [8. - 65].

XX ғасырдың басында Ресей империясы діни құрылымдардың, соның ішінде исламның бағынышты халықтарға әсерін әлсіретуге тырысып, секуляризация саясатын белсенді жүргізді. Бұл діни білім зайырлы пәндермен алмастырыла бастаған білім беру жүйесіндегі реформалар арқылы, сондай-ақ діни беделді органдарға тәуелді емес жаңа әкімшілік құрылымдар құру арқылы көрінді. Нәтижесінде ғасырлар бойы қазақтардың әлеуметтік және мәдени өмірінің тірегі болған ислам өзінің маңызды орнынан айырыла бастады.

Секуляризация процестерімен бір мезгілде XX ғасырдың басында Қазақстанда Ресей империясының саяси және экономикалық дағдарыстарынан туындаған революциялық идеялар тарала бастады. Еуропалық және дәстүрлі қазақ әлемінің тоғысында өскен қазақ зиялылары ұлтшылдық, социализм және демократияландыру идеяларын қабылдай бастады, бұл қоғамдық өзгерістерді күшейтті.

Е.Фёдоров Ортаазиялық отырықшы халық арасында исламның терең тамыр жайғандығын баса айтты. Мұның бір көрсеткіші – православиелік Ресейдегі жағдайға қайшы келетіндей мұсылман дінбасыларының тым көптігі.

Оның байқауынша, мұсылман қауымдастықтарында әр мешіт салыстырмалы түрде аз мөлшерде, шамамен 700–1000 адамға қызмет көрсетеді, ал, Ресейде бұл уақытта әрбір православие шіркеуі 10–12 мың адамға есептелген. Әрбір осындай мұсылман ғибадатханасында (мешітте) кемінде үш діни адам жұмыс істеді, олар: молда, оның көмекшісі және пономарьдікіне ұқсас міндетті атқарушы азаншы [6. - 8]. Федоров мешітке келушілер үлесінің аздығы мен бірнеше қызметкердің міндетті діни қолдауының болуы исламның маңыздылығын ғана емес, сонымен бірге діннің Орта Азиядағы мұсылман халықтарының күнделікті өмірімен тығыз байланысты екендігін атап көрсетеді. Федоровтың пікірінше, Орталық Азия қоғамының рухани құрылымының бұл қыры олардың мәдени және әлеуметтік өмірінің ұлттық сана мен сыртқы басқаруға қарсы тұру процестеріне әсер етуші маңызды элементі болды.

Ресейдегі патша үкіметі ишандардың Орта Азиядағы мұсылман халқына әсерінің күштілігін және аймақтағы халықтық қозғалыстың қай-қайсысы да олардың қатысуынсыз немесе ықпалынсыз болмайтынын түсінді. Ишандар – исламдағы діни және рухани көшбасшылар, оларды жергілікті халық құрметтейді және сенеді, шын мәнінде, олар

бұқаралық қозғалыстарды басқара алды. Мұның айқын көрінісінің бірі – қырғыздар мен өзбектерді біріктірген 1898 жылғы көтеріліске Мыңтөбе ишанының қатысуы еді.

Алайда, патша әкімшілігінің ишандардың ықпалын басуды және шектеуді қалағанына қарамастан, бірнеше факторларға байланысты олар діни қызметкерлермен ашық қарсыласудан тартынды. Олардың негізгілері Британ империясы мен мұсылмандар арасындағы билік үшін бәсекелестік және ишандардың аймақтағы халық толқулары мен патша үкіметінің билігін құлатуға қауқарлы күші мен ықпалынан сескену еді.

1898 жылғы көтеріліске қатысушылардың құрамы этникалық жағынан әртүрлі болды. Олардың ішінде: қара қырғыздар - 257, қарақалпақтар - 1, қыпшақтар - 3, өзбектер - 112, тәжіктер - 5, түріктер – 20 адам, ал Қашқардан келгендер 17 адамды құрады [6. - 17].

Көтеріліс ісіне жұмылдырылғандардың жалпы саны 417 адамды құрады, бұл қозғалыстың ұлттық сипаты басым екендігін көрсетеді және оның патша билігіне қарсы күрестегі маңыздылығын растайды.

Бұхарадағы жаңа әдіспен оқытатын мектептерді айыптаумен байланысты оқиғалар – исламдық дін өкілдері әсерінің және XX ғасырдың басындағы революцияға деген реакцияның айқын көрінісі. 1905 жылғы орыс революциясынан кейін Бұхарада бүкіл азиялық сипаттағы ұлт-азаттық қозғалыстардың жандануының әсерінен жәдитшілдік қозғалысы басталды. Бұл ағым білім беруді реформалау және жаңа әдіспен оқытатын мектептерді енгізу арқылы қоғамды жаңғыртуға ұмтылды, ондағы оқу негізінен дүнияуи ғылым мен оқытудың жаңа әдістеріне сүйене жүргізілді.

«Жәдитшілдер» атауын түрік реформаторлары, жас түріктер қолданды, ал Бұхарадағы жәдитшілдер белсенділері өздерін «жас бұхаралықтар» деп атады. Жәдитшілдер жаңа әдіспен оқытатын мектептен мұсылман қоғамын оқыту мен ілгерілету үшін қажет амал-тәсілдерді көре білді, ал ол заман ағымына бейімделуге мүмкіндік берер еді. Алайда олардың реформалық идеялары дәстүрлі діни қызметкерлер – ғұламалардың қарсылығын тудырды, өйткені олар жәдитшілдікті діни және мәдени құрылымға төнген қауіп ретінде қарастырған.

Қарсылыққа қарамастан, жаңа әдіспен оқытатын мектептер мен жәдитшілдер қоғамдағы сауатты топтар арасында қолдауға ие болды. Жас түріктер қозғалысы Бұхараға айтарлықтай әсер етті, өйткені ол мұсылман елдеріне сәтті реформалар жүргізуге болатынын көрсетті және жергілікті реформаторларға жаңғырту мен ұлт ретінде өз орнын белгілеу жолындағы күресті жалғастыруға жігер берді.

Х.Т. Тұрсынов өз еңбегінде Орта Азиядағы ұлттық қозғалыстар тарихын кезеңдерге бөлуді ұсынып, негізгі үш кезеңді атап көрсеткен:

1. 1865-1905 жж.. Орталық Азияның Ресейге қосылуынан бастап Ресейдегі алғашқы буржуазиялық-демократиялық революцияға дейін – бастапқы кезең, бұл аймақтың Ресей империясының құрамына енгеннен кейінгі уақытын қамтитын, билік құрылымында өзгерістер болып, наразылық күшейген кезең.

2. 1905-1907 жылдардағы революциядан 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін – екінші кезең, бұл кезеңде үдеп кеткен әлеуметтік және саяси қарама-қайшылықтар жәдитшілдік сияқты белсенді қозғалыстардың пайда болуына әкелді.

3. 1917 жылдың наурыз-қазан айлары аралығы, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға айналу кезеңі – үшінші, өтпелі кезең. Бұл кезеңде Ресейдегі оқиғалар радикалданып, жаңа саяси құрылым мен әлеуметтік жүйенің қалыптасуына әкелді [7. - 21].

Бұл оқиғалар ұлттық сана мен Орта Азия халықтарының азаттық қозғалыстарының дамуындағы күрделі кезеңдерді білдіреді.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басының тоғысында Қазақстанда халықтың жағдайын жақсартуға ұмтылған білімді әрі озық ойлы зиялы қауым қалыптасты. Бұл қозғалыстың қазақ қоғамындағы мәдени және білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті

өкілдерінің бірі Серәлі Лапин еді. Лапин 1869 жылы Ақ мешіт қаласының маңында (кейінірек Перовск деп өзгертілді) беделді әрі білімді, орыс тілін білетін және ағартушылықпен айналысқан болыс биі Серәлі Лапиннің отбасында дүниеге келген. 1892 жылы ақпанда Сералы Лапин Самарқанд облыстық сотының аудармашысы болып тағайындалды, ал бір-ақ жылдан кейін Самарқанд облысының әскери губернаторының аудармашысы болды. Қызметі мен керемет қабілеті үшін оны Ресей императоры бірнеше мәрте марапаттайды. 1894 жылы қаңтарда III Александр оны I дәрежелі «Күміс жұлдыз» Бұхара орденімен марапаттады. 1896 жылы II Николай таққа отырғаннан кейін Лапинге Әулие Андрей лентасына тағылатын «Император II Николайдың таққа отыру құрметіне» күміс медалі берілді. 1897 жылы ол II Николайдан III дәрежелі «Алтын жұлдыз» Бұхара орденін алды.

Лапин аудармашының міндетін белсенді атқарды, оны Ресей империясының беделді тұлғалары Түркістанға сапарларында ертіп жүрді. Олардың арасында Түркістан әскери округі әскерлерінің қолбасшысы барон А.Б. Вревский, Ресейдің жол қатынастары министрі, сондай-ақ санитарлық қызметтердің өкілдері болды. Атап айтқанда, обаға қарсы комиссия төрағасы Олденбург князінің бұйрығымен Лапин арнайы тапсырмаларды орындау үшін Самарқанд уезінің Искандер болысына жіберілді.

1899 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Лапин Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы С.М. Духовскийдің Каспий және Ферғана облыстары, сондай-ақ Бұхара билігі бойынша сапарында қасына еріп жүрді. Бұл сапарлар оған құнды тәжірибе жинақтау ғана емес, сонымен қатар Ресей империясының жоғары шенділерінің құрметіне ие болуға мүмкіндік берді, бұл аймақтың әкімшілік және мәдени өміріндегі оның рөлін көрсетеді.

Лапин «Вспомнили о Туркестане» мақаласында Ресей империясының Түркістанға ықпалының нәтижесін түйіндейді және сенат тексерісі қарсаңында оның ішкі мәселелері хақында қорытынды жасайды [10]. Ол Ресейдің аймақта «сырттай механикалық тыныштық» орнатудағы еңбегін мойындайды, бірақ аймақтың ішкі тіршілігін басқару мен ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктерді көрсетеді. Автордың ойынша, Түркістандағы сауда мен өнеркәсіп іс жүзінде ресей кәсіпкерлерінің қатысуынсыз дамуда, бұл Ресейдің экономикалық ықпалының шектеулі екендігін көрсетеді.

Автор, әсіресе, Түркістандағы қоғамдық және құқықтық өмірдің жай-күйін ерекше сынайды. Ол қалыптасқан тәртіптің бұзылғанын және орнына сәйкес алмастырылым жоқтығын қынжыла атап өтеді: аймақта, шын мәнінде, сайланған әкімшілік те, сайланған сот та жоқ. Оның орнын қырғыз халқы өкілдерін лауазымға толық ие болу үшін кезең-кезеңмен пара беруге мәжбүрлейтін бассыздық пен сыбайлас жемқорлық жүйесі жайлап алған. Оның үстіне, өлкенің дамуына бөлінген қаражат та жергілікті халықтың мұқтаждығына жұмсалмайды деуге болады. Нәтижесінде, жергілікті тұрғындардың өмірін жақсарту үшін қажетті инфрақұрылым – мектептер, ауруханалар, жолдар салынбаған.

Сондай-ақ, Лапин орыстар мен байырғы халықтың қарым-қатынасы мәселесін де қозғайды. Түркістанды алғаш басып алған жылдары бұл қарым-қатынас біршама тыныш еді, алайда қырғыздардың жерлерін тартып алып, қоныс аударту басталғаннан кейін жағдай шиеленісіп, жауласуға және сенімсіздіктің орын алуына әкелді. Дегенмен ол «жаңғырған Ресейдің» қазақ халқын жойылып кету қаупіне дейін жеткізбейтініне және жағдайын жақсарту үшін шара қабылдайтынына үміті бар екенін білдіреді. Бұл ойлар Ресей империясының Түркістандағы отаршылдық саясатының кемшіліктерін қатты сынға алып, автордың гуманистік әрі әділ басқаруды көргісі келетінін білдіреді.

Қазақ зиялыларының өкілдері, олардың қатарында Лапин де, демократиялық мемлекеттік құрылымды жақтап, қазақ даласында озық реформалар жүргізген Алаш қозғалысының қозғаушы күшіне айналды. Олардың қызметі ұлттық сана мен білім берудің өсуіне ықпал ету арқылы Қазақстанның мәдени және саяси тұрғыда жаңғыруына негіз болды.

Революцияшыл идеяларды таратудың басты нәтижесінің бірі «Алаш» қазақ ұлттық партиясын құру болды... Бұл партияның мақсаты демократиялық жағынан түрленген автономды қазақ мемлекетін құру болды, ол дегеніміз дәстүрлі діни басқарудан алшақтау, зайырлы және озық қоғамдық дамуға баса назар аудару дегенді білдірді. «Алаш» бағдарламасы ұлттық егемендік элементтерін, өзін-өзі басқару құқығын, зайырлы білім беруді арттыру мен ұлттық мүддені қорғауды қамтыды.

«Алаш» партиясының идеялары секуляризация үдерісімен тығыз байланысты болды, өйткені онда дінді мемлекеттен бөліп қарауға және басқарудың зайырлы түрлеріне баса назар аударылған еді. Дін қазақтардың көпшілігінің өмірінің маңызды бөлшегі болып қалғанына қарамастан, ұлттық жаңа көшбасшылар зайырлы басқару жүйесін жаңғыртуға және дамытуға ұмтылды.

Қазақстандық тарихшы Ермұхан Нұрпейісовтің айтуынша, Қазақ автономиясы идеясының тарихи тамыры, әдеттегіден әлдеқайда тереңірек. Нұрпейісов қазақ автономиясы идеясы XIX ғасырдың ортасына дейін бастау алғанын байқауға болатынын және оның Сібірдің аймаққа бөлу қоғамдық-саяси ағымымен байланысты екенін атап өтті.

Сібір зиялылары арасында пайда болған бұл қозғалыс Ресей империясының құрамында әрбір өлкенің өз бетінше билік жүргізу құқығы болуы керек деп есептеп, Сібір өлкесіне мәдени-әкімшілік автономия алуға бағытталды. Аймаққа бөлу орталықсыздандыруға және аймақтық бірегейлік идеясына негізделді, бұл қазақ ұлттық қозғалысының жетекшілеріне де шабыт берді [11].

Сібірлік аймаққа бөлу идеясының жетекшілері мен идеологтарының бірі орыс ғалымы, этнограф, қоғам қайраткері, қазақ зерттеушісі, ағартушы Шоқан Уәлихановтың жақын досы Григорий Потанин болды. Оның аймақтардың мәдени және саяси тәуелсіздік құқығы туралы ойлары «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы Әлихан Бөкейханов сияқты болашақ қазақ қайраткерлеріне айтарлықтай әсер етті.

Қазақ зиялыларының өкілі және «Алаш» қозғалысының болашақ көшбасшысы ретінде Әлихан Бөкейханов Сібірлік аймаққа бөлу идеясының ықпалында болды. Сібір аймақшылдары сияқты, ол да аймақтарға, оның ішінде қазақ жерлеріне ұлттық дәстүрлерді, мәдениет пен тілді сақтай отырып автономия беру қажет екендігіне сенімді болды. Бұл идеялар кейіннен қайта құрылған Ресей империясының құрамында қазақ халқының автономиясы үшін күрескен «Алаш» қозғалысы саяси бағдарламасының негізін қалады [12].

Әлихан Бөкейханов пен Жақып Ақпаев автономиялық мемлекет құруға ұмтылды, олардың ойынша, ол бұрынғы Ресей империясының өзге субъектілерімен тең құқылы одақ ретінде Федеративтік республиканың құрамына енуі тиіс болатын. Бұл одақ орталықтандырылған мемлекет ретінде емес, негізінен әр автономия өз егемендігінің басым бөлігін сақтап, оны тек ортақ мәселелерді шешу үшін федералды деңгейде шектейтіндей ерікті бірлестік ретінде қарастырылды.

Федерализм идеялары АҚШ тәжірибесіне негізделді. АҚШ тең құқылы, алайда бір ұлттық үкіметке бағынатын, ұлттық және аймақтық мүдделер арасындағы тепе-теңдігі сақталған штаттардың сәтті құрылған одағының үлгісі ретінде қарастырылды. Әлихан Бөкейханов Томскіде өткен Сібір съезінде «Ресей республикасы бір орталықтан басқарылатын емес, штаттардан құралған федерация болуы керек еді» дегенді айтты, оның үстіне: «Халыққа Маркстың айтқанымен, дайын формулалармен емес, өздері қалағандай өмір сүру құқығын беру керек» - деп, баса айтты [13].

Отарлау қазақтардың негізгі тұрмыс-тіршілігі болған көшпелі шаруашылықтың жағдайын құлдыратты, бұл олардың экономикалық жағдайының нашарлауына және бұрынғы тұрмыс салтынан айырылуына әкеп соқтырды. Бұл жағдайлар қазақтарды өздерінің мәдени ерекшелігін сақтау және құқықтарын қорғау қажеттілігі туралы ойлануға мәжбүр етті.

XIX ғасырда және XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының тобы қалыптаса бастады, олардың өкілдері ресейлік оқу орындарында білім алды. Бұл білімді қазақ жастары дәстүрлі қазақ қоғамы мен еуропалық мәдениеттің, ағартушылық пен жаңғырту идеяларының арасындағы көпір болды. Олар өз халқының күнкөрісін жақсарту, реформалау және саяси автономия қажет екенін мойындады.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және басқа да «Алаштың» болашақ көшбасшылары ұлттық аз топтың құқықтарын қорғаушы, прогрессивті қозғалыстардың идеяларымен таныс жоғары білімді адамдар болды. Дәл солар ұлттық сананы қалыптастырды, қоғамдағы әділеттілікке ұмтылды, оқу-ағарту мен мәдени даму қазақ халқының болашағына жол ашатынын көрді. XX ғасырдың басында Ресейде революциялық ахуал арта бастады. 1905 жылғы революция және Ресей империясында саяси партиялардың пайда болуы қазақ зиялыларын қазақтардың құқығын қорғайтын өз ұйымын құруға итермеледі.

Бұл кезеңде саяси сипат күшейіп, отаршылдық саясатқа қарсы тұруға және халық мүддесін қорғауға қабілетті ұлттық бағыттағы қозғалыс құрудың алғашқы қадамдары көріне бастады. Алаш қайраткерлері халықтың көзін ашу, қазақ тілін дамыту, мектептер мен оқу материалдарын жасақтау қажеттігін байқай бастады. Осындай бастамалардың нәтижесінде империялық саясат кезеңінде қазақтардың мүддесін қорғауға ұмтылған қазақ зиялылары қалыптаса бастады.

1917 жылғы Қазан төңкерісі Ресейдің саяси жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерге әкелді және бұл қазақ зиялыларына өз ұлттық мемлекетін құруға талпыныс жасауға мүмкіндік берді. 1917 жылы желтоқсанда Орынборда өткен съезде «Алаш» партиясы құрылып, «Алаш Орда» деп аталатын автономиялық үкімет пайда болғаны ресми түрде жарияланды. Бұл қозғалыстың негізгі мақсаты қазақ автономиясын құру, қазақ тілі мен мәдениетін дамыту, экономика мен әлеуметтік саланы қолдау болды.

«Алаш» партиясы өзінің бағдарламасын жасады, онда автономия алу, дербес сот, әскер құру және қазақтардың құқығын қорғау талап етілді. «Алаш» автономиясы қазақ зиялыларының съезінде мойындалғанымен, большевиктік үкімет тарапынан тұрақты қолдау таппады. Ресейдегі азамат соғысы және большевиктердің билікке келуімен қоса, «Алаш» қозғалысы қатты қысымға ұшырады. Көптеген Алаш қайраткерлері қуғын-сүргінге ұшырап, тұтқындалды, партияның жұмысына қысым жасалды. Алайда, бұған қарамастан «Алаш» және оның көшбасшыларының өміршең идеялары қазақ халқының жадында сақталып қалды. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанда «Алаш» мұрасы ұлттық болмыстың маңызды бөлшегіне, ал оның идеялары қазақ халқының тәуелсіздігі, мәдениеті мен тілі үшін күресінің символына айналды. Олай болса, Алаш қозғалысының пайда болу тарихы – өзінің ұлттық болашағы үшін жүргізілген саяси және мәдени күрестің тарихы, ол әлі де қазіргі Қазақстанға ықпалын тигізіп келеді.

Қорытынды

XX ғасырдың басында Қазақстандағы секуляризация және революциялық идеялардың ықпалы қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси және мәдени өмірінде терең із қалдырды. Бұл процесс Ресей империясындағы революциялық өзгерістердің жалпы үрдісімен тығыз байланысты болатын және сол кезеңде орын алған жаһандық өзгерістердің бір бөлшегі еді.

Секуляризация және революциялық қайта құрулар идеясының таралуы кеңестік Қазақстанның қалыптасуындағы түбегейлі қайта құруларға негіз болды.

Әсіресе, патшалық билікті құлатып, Уақытша үкіметтің орнауына әкелген 1917 жылғы Ақпан төңкерісі Қазақстанға ерекше маңызды әсер етті, Бұл кезеңде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және басқа да қазақ зиялылары ұлттық және демократиялық қайта құрудың белсенді жақтаушыларына айналды. Олар революциялық идеялардан ұлттық қайта өрлеу мен отаршылдықтан құтылудың мүмкіндігін көрді. «Алаш»

қозғалысының пайда болу алғышарттары Ресей империясының Қазақстан аумағында жүргізген саясатымен, сондай-ақ ресейлік және еуропалық азаттық қозғалыстар идеяларының ықпалымен байланысты әлеуметтік - экономикалық, саяси және мәдени факторлардан тұратын күрделі тарихи жағдайды көрсетеді. XX ғасырдың басында қазақ халқында ұлттық сананың өсуі Ресей империясында болып жатқан жалпы саяси үдерістермен байланысты. Бұл қозғалыс Қазақстандағы ең маңызды ұлт-азаттық қозғалыстардың бірі болды және қазақ қоғамының саяси әрі мәдени дамуына үлкен ықпал етті.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін большевиктер Қазақстанда өз билігін орнатты, бұл қоғамдық жүйенің күрт өзгеруіне әкелді. Діннің әсері айтарлықтай әлсіреп, Кеңес үкіметі атеизм мен социалистік жаңғыру идеясын белсенді түрде алға тартты. Осы саясаттың аясында көптеген мешіттер жабылып, дін өкілдері қуғын-сүргінге ұшырады. Большевиктер өздерінің шіркеуге және дінге қарсы көпірме сөздерімен үндесетін ұжымдастыру, социалистік индустрияландыру және ағарту идеяларын қазақ қоғамына белсенді түрде енгізді. Бұл Қазақстандағы дәстүрлі діни институттардың одан әрі әлсіреуіне әкелді.

Қаржыландыру туралы ақпарат: Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен, «Исламшылдық, түрікшілдік және Алаш қозғалыстарының тарихы: дәстүрлер диалогы мен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың ерекшеліктері» (ИРН АР23484987) жобасын гранттық қаржыландыру аясында жүзеге асырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Гараджа В.И. «Религиоведение» - 2-е изд., дополненное. – М.: Аспект Пресс, 1995. – 351 с.
- 2 Зверев Э. Осмысливая «секулярность» // Государство Религия Церковь в России и за рубежом. Главная тема: Религия в постсекулярном контексте. М.: Издательский дом «Дело», 2012. – №2 (30) – С. 69-113.
- 3 Кныш Е.В. «Понятие постсекулярной культуры: к вопросу о правомерности использования категории» Человек в мире культуры, 2015. – С. 3-11.
- 4 Werth P. The tsar's foreign faiths: Toleration and the fate of religious freedom in imperial Russia. - Oxford; N.Y.: Oxford Univ. press, 2014. - XVI, 288 p.
- 5 Crews R.D. For prophet and tsar: Islam and empire in Russia and Central Asia. –Cambridge: Harvard univ. Press, 2006. - 463 p.
- 6 Фёдоров Е. Очерки национально-освободительного движения в Средней Азии. – Ташкент: Госиздат Узбекской ССР, 1925. - 81 с.
- 7 Турсунов Х. К вопросу изучения истории национально-освободительного движения народов Средней Азии; 50 лет восстания 1916 года в Узбекистане / Общественные науки в Узбекистане. 1965, –№11 – С. 21-30.
- 8 Восстание 1916 г в Средней Азии. Сборник документов. –Ташкент: Госиздат УзССР, 1952. – С. 26-28.
- 9 Большакова О.В. «Конфессиональная Политика Российской Империи: Англоязычная Историография (Аналитический обзор)» Религия и церковь в истории России: современная историография, 2016, – С. 72-108.
- 10 Лапин С. Вспомнили о Туркестане // Туркестанский сб. - 1908. - Т. 476. С. 189-192.
- 11 Нурпеисов Е. Истоки движения «Алаш» [Электронный ресурс] - URL: <https://kazpravda.kz/n/istoki-dvizheniya-alash/> (дата обращения: 03.02.2024).
- 12 Козодой В. И. Алихан Букейханов: человек-эпоха. Новосибирск: Дом мира, 2021. 312 с.
- 13 Алихан Букейхан: От марксизма к идее Алаш [Электронный ресурс] URL: <https://exclusive.kz/expertiza/obshhestvo/14218/> (дата обращения: 03.04.2024).

ПРОЦЕССЫ СЕКУЛЯРИЗАЦИИ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ФОРМИРОВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ДВИЖЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье рассматриваются социокультурные и политические трансформации, связанные с процессом секуляризации в Казахстане в начале XX века, отражая изменения в роли религии в обществе. Основное внимание уделяется историческим корням секуляризации, ее проявлениям и влиянию на общество. Авторы подчеркивают воздействие революционных идей и секуляризации на систему традиционных ценностей. В частности, рассматриваются исторические предпосылки формирования общественно-политических движений в Казахстане, связанные с политикой Российской Империи. Цель исследования заключается в анализе процессов секуляризации в Казахстане в начале XX века, а также в выявлении их влияния на социальные, культурные и политические аспекты жизни казахского народа. Исследуемые документы и материалы позволяют глубже понять динамику формирования национальной идентичности и её исторический контекст, включая внешнеполитические события и внутреннюю реакцию общества на колониальную политику, что способствовало возникновению движения «Алаш». Наиболее значимые культурные изменения, связанные с секуляризацией, произошли в результате развития идей периода просвещения. Этот период, охватывающий XVII-XVIII века, был основным для формирования новых взглядов на роль религии в обществе, а также для развития философских концепций, связанных с рационализмом, свободомыслием и отделением церкви от светских институтов. Современные интерпретации секуляризации продолжают развивать идеи, высказанные в период Просвещения, с учетом особенностей культурно-исторического контекста.

Ключевые слова: Казахстан, секуляризация, ислам, религия, общественно-политические движения, пантуркизм, панисламизм, джададизм.

SECULARIZATION PROCESSES AND HISTORICAL PREREQUISITES FOR THE FORMATION OF SOCIAL AND POLITICAL MOVEMENTS IN KAZAKHSTAN

Abstract

This article examines the socio-cultural and political transformations associated with the process of secularization in Kazakhstan in the early 20th century, reflecting changes in the role of religion in society. The main attention is paid to the historical roots of secularization, its manifestations and influence on society. The authors emphasize the impact of revolutionary ideas and secularization on traditional values. In particular, the historical prerequisites for the formation of socio-political movements in Kazakhstan that are associated with the policy of the Russian Empire are considered. The purpose of the study is to analyze the processes of secularization in Kazakhstan in the early 20th century, as well as to identify their impact on the social, cultural, and political aspects of the life of the Kazakh people. The documents and materials studied allow for a deeper understanding of the dynamics of the formation of national identity and its historical context, including foreign policy events and the internal reaction of society to colonial policy, which contributed to the emergence of the Alash movement. The most significant cultural changes related to secularization occurred due to the development of ideas from the Enlightenment period. This period, spanning the 17th and 18th centuries, was the main one for forming new views on the role of religion in society and for developing philosophical concepts related to rationalism, free thinking, and the separation of the church from secular institutions. Modern interpretations of secularization continue to develop the ideas expressed during the Enlightenment, considering the peculiarities of the cultural and historical context.

Keywords: Kazakhstan, secularization, Islam, religion, socio-political movements, pan-Turkism, pan-Islamism, Jadidism.

REFERENCES

- 1 Garadzha V.I. «Religiovedeniye» - 2-ye izd., dopolnennoye. [Religious Studies]– M.: Aspekt Press, 1995. – 351 p. [in Russian]
- 2 Zveyerde E. (2012) Osmyslivaya «sekulyarnost'» // Gosudarstvo Religiya Tserkov' v Rossii i za rubezhom. Glavnaya tema: Religiya v postsekulyarnom kontekste. [Understanding "Secularity" // State Religion Church in Russia and Abroad. Main topic: Religion in the postsecularcontext] - M.: Izdatel'skiy dom «Delo», – №2 (30) – P. 69-113. [in Russian]

- 3 Knys Ye.V.(2015) "Ponyatiye postsekulyarnoy kul'tury:k voprosu o pravomernosti ispolzovaniya kategorii" Chelovek v mire kultury, [The concept of postsecular culture: on the issue of the legitimacy of using the category] Man in the world of culture], – 4, – P. 3-11. [in Russian]
- 4 Werth P. (2014) The tsars foreign faiths: Toleration and the fate of religious freedom in imperial Russia. - Oxford; N.Y.: Oxford univ. press,. - XVI, 288 p. [in English]
- 5 Crews R.D. (2006). For prophet and tsar: Islam and empire in Russia and Central Asia. –Cambridge: Harvard univ. press,– 463 p. [in English]
- 6 Fodorov Ye. (1925) Ocherki natsional'no-osvoboditel'nogo dvizheniya v Sredney Azii. – Tashkent: Gosizdat Uzbekskoy SSR,. – 81 p. [in Russian]
- 7 Tursunov K.H. (1965) K voprosu izucheniya istorii natsional'no-osvoboditel'nogo dvizheniya narodov Sredney Azii; 50 let vosstaniya 1916 goda v Uzbekistane / Obshchestvennyye nauki v Uzbekistane.[Essays on the national liberation movement in Central Asia]. - Tashkent: State Publishing House of the Uzbek SSR, – №11 – P. 21-30. [in Russian]
- 8 Vosstaniye 1916 g v Sredney Azii. (1952), Sbornik dokumentov. [The Uprising of 1916 in Central Asia. Collection of documents]– Tashkent: Gosizdat UzSSR,. – P. 26-28. [in Russian]
- 9 Bolshakova O.V. (2016), "Konfessional'naya Politika Rossiyskoy Imperii: Angloyazychnaya Istoriografiya (Analiticheskiy obzor)" Religiya i tserkov' v istorii Rossii: sovremennaya istoriografiya, [Confessional Policy of the Russian Empire: English-Language Historiography (Analytical Review)] Religion and Church in the History of Russia: Modern Historiography],– P. 72-108. [in Russian]
- 10 Lapin S. (1908). Vspomnili o Turkestane [Remembered about Turkestan] // Turkestanskiy sb. - T.476. P.189-192. [in Russian]
- 11 Nurpeisov Ye. Istoki dvizheniya «Alash» [Elektronnyy resurs] URL: <https://kazpravda.kz/n/istoki-dvizheniya-alash/> (data obrashcheniya: 03.02.2024). [in Russian]
- 12 Kozodoy, V. I. (2021) Alikhan Bukeykhanov: chelovek-epokha. [Alikhan Bukeikhanov: man-era] Novosibirsk: Dom mira,. 312 p. [in Russian]
- 13 Alikhan Bukeykhan: Ot marksizma k ideye Alash [From Marxism to the Idea of Alash] [Elektronnyy resurs]URL: <https://exclusive.kz/expertiza/obshhestvo/14218/> (data obrashcheniya: 03.04.2024). [in Russian]

Information about authors:

Gulfairus Zhapekova - **corresponding author**, candidate of Historical Sciences, associate professor, departments of History of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: gulfairusk@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1090-8373>

Maxot Janguzhiyev - PhD, senior lecturer, Doctor of philosophy (PhD), West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan, Uralsk, Republic of Kazakhstan

E-mail: dsi-1949@mail.ru

ORCID:<https://orcid.org/0000-0002-4459-984X>

Ganizhamal Kushenova - candidate of Historical Sciences, associate professor, departments of History of Kazakhstan, L.N.GumilyovEurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: jamal-i@mail.ru

ORCID:<https://orcid.org/0000-0001-9438-8381>

Информация об авторах:

Гульфайрус Жапекова - **основной автор**, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры «История Казахстана», Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: gulfairusk@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1090-8373>

Максот Джангужиев – доктор философии (PhD), старший преподаватель Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г.Уральск, Республика Казахстан

E-mail: dsi-1949@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4459-984X>

Ганижамал Кушенова - кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры «История Казахстана», Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: jamal-i@mail.ru

ORCID:<https://orcid.org/0000-0001-9438-8381>

Авторлар туралы мәлімет:

Гулфайрус Жапекова - **негізгі автор**, тарих ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gulfairusk@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1090-8373>

Максот Джангужиев – аға оқытушы, философия докторы (PhD), Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: dsi-1949@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4459-984X>

Ғанижамал Күшенова - тарих ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: jamal-i@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9438-8381>